

## **2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыстардың талдау есебі.**

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»**—ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

### **«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:**

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

I- Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

II- Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету.

III- Іске асыру тетіктері: Ұлттық құндылықтар: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.*

### **Ұлттық мүдде құндылығы:**

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға ат салысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;

### **Күтілетін нәтижесі:**

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

### **Ар-ұят құндылығы:**

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

### **Күтілетін нәтижесі:**

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

### **Талап құндылығы:**

- Сыни және креативті ойлау;

- Жеке және команда мен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

#### **Күтілетін нәтижесі:**

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

*Ай сайынғы өткізілген іс-шараларға тоқталатын болсақ төмендегідей .*

### **ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ**

*1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары*

"1 қыркүйек Білім күні" мерекесіне орай мектебімізде "Мектебім -мейірім мекені" тақырыбында салтанатты іс шара өтті. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған 1 - сынып бүлдіршіндері үшін алғашқы қоңырау соғылды. Салтанатты іс шара соңы 1-11 сыныптар үшін тәрбие сағаттарымен жалғасты.

Мектеп кітапханасы жаңа 2023-2024 оқу жылы қарсаңында оқушыларды оқулықпен толық қамтамасыз етті. "Мектеп", "Атамұра" "Алматы кітап" баспаларынан оқулықтар келіп 5-6-7-8-9-10-11 сынып оқушылары жетіспейтін оқулықтармен толық 100% қамтамасыз етілді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 2022-2026 жылдарға арналған даму тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 10.3-тармағына сәйкес «Мың бала» мәдени-ағартушылық жобасын өткізу аясында 2023 жылғы 5 қыркүйекте қазақтың біртуар тұлғасы М.Жұмабаевтың 130 жылдық мерейтойына арналған жалпы қазақстандық ашық диктант Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінде 5-11 сыныптар мен ұстаздар арасында өтті. Диктанттың тақырыбы – «Мағжан Жұмабаев – заманның заңғар тұлғасы».

Мақсаты: мемлекеттік тілдің Қазақстан халқын біріктіруші фактор ретінде қоғамдағы рөлін нығайту.

Кітапханада 6 қыркүйек Қазақстан халқы тілдері күніне орай, "Тіл-асыл қазына "- атты тақырыпта бастауыш сынып оқушыларымен кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Өз ана тіліне деген құрмет, сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру.

Кітапханашы Сұлтанова С. ана тіліміздің мәртебесі өте жоғары екендігін, тілдің ел үшін алар орны ерекше екеніне тоқталып өтті.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Койшыгулова Г. сынып жетекшілермен 2023-2024 оқу жылында жүзеге асырылатын тәрбие жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктері туралы жиналыс өткізді.

Жиналыстың мақсаты: білім беру ұйымдарындағы 2023-2024 оқу жылында жүзеге асырылатын тәрбие жұмысының ерекшеліктерін, көрсету. "Біртұтас тәрбие бағдарламасын" таныстыру. Жаңа оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарын талқылау.

Алматы облысы білім басқармасының дене тәрбиесі, спорт, алғашқы әскери дайындығы және қосымша білім берудің ғылыми-тәжірибелік орталығы Қазақстан Республикасы оқу- ағарту министрлігінің тапсырмасын орындау мақсатында Ақкөл орта мектебінде "Сергіту сәті" челленджи 8 қыркүйек күні білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, физикалық жаттығулар түрінде өткізілді. Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдері М.Саутбаев, Н.Құдайбергенов.

Мақсаты: балаларға салауатты өмір салтын насихаттау.

Балалардың денсаулығын сақтау мақсатында жұмыс қабілеттілігін арттыруға ықпал ету.

Еңбек күніне орай 2023 жылдың 11 қыркүйегінде Алматы облысы, Балқаш ауданы, Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Т.Дүйсенованың Еңбек күнін мерекелеуге арналған іс-шара жоспары бойынша «Менің жетістігім-менің нәтижем» тақырыбында сыныптарда сынып сағаттары өтті.

Мақсаты: Оқушыларды еңбекке баулу. Еңбектің адам өмірінде алатын орнын түсіндіру.

Бастауыш сынып оқушылары өздерінің салған суреттерін таныстырып жетістіктерге жетті .

4-сынып оқушылары еңбек туралы нақыл сөздерді тауып құрастыруда

Орта буын оқушылары қолдан жасаған бұйымдарын әкеліп жасау жолдарымен таныстырып достарымен бөлісті.

11-қыркүйек Қазақстан халқы тілдері мерекесіне орай бастауыш сынып мұғалімі Н.Ибраеваның ұйымдастыруымен бастауыш сынып оқушылары арасында "Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ" атты интеллектуалдық ойын жүргізілді.

Мақсаты : Оқушыларды тапқыр сөйлеуге, салмақты ой айтуға үйрету, қазақ тілінде сөйлеу шеберлігін арттыру, сөздік қорын молайту.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2023 ж. 9 қыркүйек күні Еңбек күнін мерекелеудің іс-шара жоспарына сай, "Адал азамат-адал еңбек" тақырыбында мектеп оқушыларымен флэшмоб ұйымдастырды.

15 қыркүйек күні тіл апталығының қорытынды кеші «Тіл-татулық тірегі» тақырып аясында зияткерлік танымдық ойын түрінде өтті.

Мақсаты: Оқушыларды туған халқының тілін қастерлейтін азамат етіп тәрбиелеу.Тіл мәртебесін көтеру, таза сөйлеуге үйрету, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншіліктерін ояту.

«Ұлы даланың ұлтаралық тілі» мемлекеттік тілді оқытудың озық әдіс-тәсілдерін көрсету ашық тәрбие сабағы 10 сыныпта жүргізілді.

«Жолда жүру ережелерін білесіңбе?» 1-6 сынып оқушыларымен сынып сағаттары жүргізілді. «Сіздің балаңыз жаяу жүргінші» Әр сыныпта ата-аналар мен жұмыстар ұйымдастырылды. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» түсіндірме жұмыстары жасалынды оқушылармен.

18-27 қыркүйек аралығында оқушылар арасында мектеп мейірбикесі А.Байтемирова "Педикулездің алдын алу" акциясы өткізілді. Дәрісте жеке бас гигиенасын сақтау, педикулез түрлері туралы мағмұлаттар берілді. Оқушылар мейірбикеге сұрақтар қойып сұрақтарына жауап алды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ағымдағы жылдың 25-29 қыркүйек күндері аралығында оқу-жаттығуды ұйымдастыру жоспарына сәйкес мектебімізде Төтенше жағдайлар кезінде білім ошағынан адамдарды эвакуациялауды пысықтау мақсатында оқу-жаттығуы өткізілді. Мектебіміздің АӘД пәні мұғалімі Қошқарбаев Ғалым төтенше жағдай болған кезде (террорлық іс-әрекет кезінде , өртте, жер сілкінісінде, су тасуда т.б) жедел қандай іс-әрекет жасау керек екендігі жөнінде дәріс берді. Оқушылар бірнеше сұрақтар қойып, өз ой-пікірлерімен бөлісті.

## **ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ**

*1 қазан - Қарттар күні*

*5 қазан – Мұғалімдер күні*

*25 қазан – Республика күні*

Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл.

Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл.

Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл.

Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл.

Мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында 05-қазан күні «Дублер күні» ұйымдастырылды.

Оқушылар әр пән бойынша сабақтар беріп, сабақ арасында әртүрлі әдіс тәсілдерді қолданып сабақтарын қызықты өткізді.

[#бір тұтас тәрбие](#)

<https://www.instagram.com/reel/CyDpoazoNHw/?igsh=Y2Q0eDZ6Z2JsajFk>

**Түлектеріміздің ұстаздарыны деген жүрек жарды құттықтау сәттерінен**

Өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек.

Осындай жолы мен жөні бөлек аяулы ұстаздарымыз – шәкірттерінің мақтанышы ғана емес, бүкіл ел мақтанышы!

Мад, 1-6 сынып оқушылар арасында "Күз ханзадасы мен ханшайымы" іс-шарасы болып өтті.

Мақсаты: оқушылардың арасынан күз ханшайымы мен күз ханзадасын анықтау. Оқушылардың тапқырлығын, шеберлігін жетілдіру, сайысқа деген қызығушылығын арттыру. Ұйымшылдыққа, өз ойларын ортаға салып көрсете білуге тәрбиелеу.

Іс -шара соңында сыныптар өздерінің дайындап келген экибанамен таныстыра өтті.

<https://www.instagram.com/reel/CyurqOvtUUY/?igsh=a2l2ZHVsbXNtNTFo>

25-қазан Республика күніне орай оқушылар арасында экологиялық құндылықтарды нығайту негізінде «Жаңа Қазақстан. Таза табиғат» атты жаппай экологиялық акциясы ұйымдастырылды. Ауыл маңындағы қоқыстар жиналып тазартылды. Балалар табиғатты тамашалап сергіп қайтты.

Мақсаты: қоршаған ортаны жақсарту және экологиялық мәдениетті қалыптастыру, оқушыларға табиғатты аялап, таза ұстау қажеттілігін түсіндіру.

Республика күні-ұлттық мереке. Бұл күні Қазақстанның өзге елдермен терезесі теңесіп, шекарасы анықталып, өзіндік туы мен әнұраны бар және дара ел болып әлем картасында орын алды. Осыған орай, бүгін мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымы 25 қазан - Республика ұлттық мерекесі аясында "Қыран елім - Қазақстан" атты патриоттық челлендж акциясын ұйымдастырды.

<https://www.instagram.com/reel/Cy2NtdcC8rE/?igsh=MXg0bXd3eHloeHRoeg==>

25-қазан Республика күніне орай сынып сағаттары өткізілді. Оқушылардың санасында патриоттық сезім ұялату мақсатында 2 сыныпта шебер қолдар классы өткізілді.

Мектебіміздің дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 25-қазан Республика күніне орай мектепшілік оқушылар мен ұстаздар, ауыл жастары арасында волейболдан жарыс өтті. Жарысқа барлығы ұлдардан екі команда, қыздардан төрт команда қатысты.

Атап айтар болсақ: Мектеп оқушылары (ұлдар, қыздар), Ардагер ұстаздар (ұлдар, қыздар), Жас педагогтер (қыздар), Ауыл жастары (қыздар) командалары қатысты.

Жарыс нәтижесі бойынша ер балалардан I орын Оқушы ұлдар, II орын Ардагер ұстаздар иеленді. Қыздар командасы бойынша I орын Ардагер ұстаздар, II орын Оқушы қыздар, III орын Ауыл жастары иеленді.

Жарыс қорытындысы бойынша командалар арнайы кубоктармен және марапаттау қағазымен, жеке ойыншылар "Үздік шабуылшы", "Ардагер ойыншы" номинацияларымен марапатталды.

Республика күніне арналған жоспарға сай "Ұранды елдің ұрпағы қайсар" тақырыбында 5-6 сынып оқушылары арасында сурет байқауы болып өтті. Көркем еңбек пәні мұғалімі Орынбаев Тасберік.

Мақсаты: оқушылардың өз Отан, туған жеріне деген сүйіспеншілігін, махаббатын ояту, олардың шығармашылығына, қиялына ерік беру. Қиял көкжиегіне самғап, талантын танытқан суретшілер көп болды.

25 қазан – Республика күнін мерекелеуге арналған іс-шаралар жоспарына сай 1-11 сыныптар аралығында "Қазақ елі Менің – Отаным" тақырыбында бірыңғай танымдық тәрбие сабақтары ұйымдастырылды.

Мақсаты: оқушыларды азаматтық сезім мен патриоттыққа тәрбиелеу. Бірыңғай танымдық тәрбие сабақтарының барысында дербестік пен тәуелсіздікке жеткен еліміздің даму тарихы мен жетістіктеріне арналған бейнероликтер оқушылар назарына ұсынылды.

Ауылымыздың учаскілік полициясы Әбіл Абылай мектеп оқушыларымен кездесу ұйымдастырды. Кездесу барысында оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын- алу бағытында атқарылатын жұмыстар жайлы, түнгі мезгілде көшеде жүрмеу, буллингті болдырмау мақсатында түсіндірме жұмыстары жасалды.

Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінің күзгі демалыс іс-шара барысында сынып оқушылары мектеп ауласына өздеріне бөлінген аулаға тазалық жүргізді. «Таза табиғат» жалпы Республикалық экологиялық акцияға Өзін-өзі басқару ұйымы мектеп ауласының тазалағын сақтау барысында өз үлестерін қосты. Акцияның мақсаты: қоршаған орта мен өз айналамызды таза ұстап, табиғаттың ластануына жол бермеу.

Алаш жұртының әйгілі перзенттері, ғұлама ғалымдардың, қоғам қайраткерлері мен ақын жазушылардың туған күндеріне орай мектеп оқушыларының арасында жоба жұмыстары қорғалды.

Ақын жазушылардың өмірі мен шығармашылығын меңгерту. Қазақ поэзиясына мағыналы әңгімелер мен мысалдарды жазуды мақсат еткен туындыларының идеялық мазмұнын ұғындыру.

Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл. 7-сынып оқушылары Наухан Диана, Дархан Мирас

Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл. 8-сынып оқушысы Нұрайдарқызы Айжарқын.

Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл. 9-сынып оқушылары Жамбылқызы Нұрайым, Чапай Сағият

Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл. 10-сынып оқушысы Пермебек Аружан. Осы оқушыларымыз шараға белсене қатысты.

## **ҚАРАША–ПОЭЗИЯ АЙЫ**

*15қараша-Ұлттық валюта күні*

*Күзгі демалыс*

15 қараша – Ұлттық валюта күніне" байланысты мектеп кітапханасында танымдық сағат өткізілді. Сондай- ақ айтулы мерекеге орай, сынып жетекшілер де сынып сағаттарын жүргізді.

Мақсаты: Оқушыларды тәуелсіз еліміздің ең бірінші айрықша белгісі — теңгемен таныстыру, төл теңгеміздің шығу тарихы, айналымға ену кезі туралы мағлұматтар беру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, елін, жерін сүйіп құрмет тұтатын жас жеткіншектерді елжандылыққа тәрбиелеу.

<https://www.instagram.com/reel/Cz31L4wC-SY/?igsh=bGtjZ3h3cWpjYXds>

Балқаш аудандық білім басқармасына қарасты Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінде 2023 жылдың 15-25 қараша аралығында «Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір» атты оқундігі өткізіліді.

Онкүндіктің мақсаты: мерекелік іс-шараларды ұйымдастырудың бірыңғай тәсілдерін әзірлеу, мемлекеттік құрылымдардың, қоғамдық, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың, бизнес-топтардың, БАҚ-тың күш-жігерін балалардың мүддесі үшін мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелеріне қоғамның назарын аударуда біріктіру.

Жоспарға сәйкес, «Бақытты балалық шақ -жемқорлықсыз болашақ» атты тақырыпта жоғарғы сынып оқушылары арасында Көңілді тапқырлар сайысы ұйымдастырылуда.

«Бала бостандығы » тақырыбында 7-11 сынып оқушылары арасында дебат жүргізілді.

1-4 сыныптар аралығында "Менің бақытты бір күнім" атты сурет байқауы өткізілді.

Сонымен қатар мектебімізде 2023 жылғы 8-20 қараша аралығында «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» жоспары негізінде "Бақытты балалық шақ, жемқорлықсыз болашақ " атты тақырыпта көңілді тапқырлар клубы өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру.

20 қарашада “Қатыгездік және зорлық - зомбылықсыз балалық шақ” акциясы аясында 8-10 сынып арасында ”Буллинг деген не?”, “Кибербуллингтің алдын алу”, тақырыптарында мектеп психологі А.Касымованың ұйымдастыруымен тренинг жүргізілді. Мақсаты: «Буллинг» сөзінің мағынасын ашу, таныту;

Жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларын алдын алу. Сынып ұжымын сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу.

“Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ” онкүндігі аясында 1-4 сынып оқушылары арасында Бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі Оспан Бауыржанның ұйымдастыруымен “Бақытты балалық шақ” тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты: Балалық балдырған шақтың қызықтарын балаларға түсіндіру. Ой ерістері мен ойлау логикаларын дамыту.

“Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір” атты республикалық онкүндікті өткізуге арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес 7-10 сынып ұлдарының қатысуымен “Тегін білген текті елдің ұрпағымыз!” атты жоба өткізілді.

Жобаның мақсаты: Өскелең ұрпақты өз ата-тегін, руын, ел жұртын білуге тәрбиелеу. Тәрбиелік тамаша дәстүріміз - ата текті білудің мәні маңыздылығы зор екенін түсіндіру. Балалалдың оқуға құштарлықтарын арттыру.

«Бала құқығы асыл қазына» екендігін түсіндіру мақсатында түнгі мезгілде рейдтік шаралар өткізілді.

"Оян, ар мен адалдық" тақырыбында 5-11 сынып арасында тәрбие сағаты өткізілді.

Сабақтың мақсаты: Адалдық пен шындықтың адами қарым-қатынастағы мәнін түсіндіру. Осы тақырып бойынша оқушылар эссе жазды.

## **ЖЕЛТОҚСАН—«ҚАЗАҚСТАН-ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»**

*16-17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы*

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының кезекті жоспарына сәйкес, мектеп директорының тәрбие ісі - жөніндегі орынбасары Г.Койшыгулова мен мектеп психологі А.Касимова ата-аналармен іс-шара өткізді.

Шараның тақырыбы: "Отбасы - бақыт бесігі "

Мақсаты: Оң тәрбиенің мәнін, принциптерін және дағдыларын дамыту арқылы ата-аналардың педагогикалық мәдениетін дамыту.

Кездесу барысында ата-аналар тренингтерге тапсырмалар мен ойындарға қатысып, белсенділік көрсетті. Соңында ата-аналар назарына "Шырақ" терапиясы бойынша мәлімет беріліп, кері байланыс арқылы ата - аналар пікірлері тыңдалды .

5-сынып оқушылары Біртұтас тәрбие жоспары бойынша "Әкем айтқан нақыл сөз" тақырыбында Б.Алтынсариннің "Әке мен бала " атты әңгімесін бейнеледі.

Мақсаты: Отбасындағы әке мен бала арасындағы қарым қатынасты нығайту. Ұлттық салт-дәстүрімізге байланысты әке орнының ерекше екендігін ұғындыру. Әкеге деген бала махаббатын ояту. Оқушылардың бойында ата аналарға деген ерекше жылы сезім қалыптастыру, ата-ананың бала өміріндегі рөлін түсіндіру. Еңбекке баулу.

1 желтоқсан СПИД-ке қарсы күрес күніне орай "СПИД-әлемге төнген қауіп" тақырыбында 5-11 сынып оқушыларына мектеп медбикесі А.Байтемирова дәріс жүргізді.

Мақсаты: Әлеуметтік желі арқылы ЖҚТБ ауруы туралы түсініктерін кеңейту, осы дерттен сақтану жолдары туралы кең көлемді мәлімет беру.

Балқаш ауданы полиция бөлімінің бастығы полиция подполковнигі А.А.Умаров, ЖПҚБ бастығы полиция майоры А.А.Абдрахманов пен Штаб инспекторы полиция подполковнигі О.А.Садырбаева және Балқаш ауданының әкімдігімен бірлесіп, Балқаш ауданының Ақкөл ауылында орналасқан білім бөлімі «Ақкөл орта мектебі» МКМ -де құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында, “Кәмелет жасқа толмаған балалар арасындағы құқық бұзушылықтар мен бопсалаудың алдын алу”, “Есірткі тұтыну және таратудың құқықтық аспектілері туралы”, “Террористік қатер туындаған жағдайдағы мінез-құлық ережелері”, “Әлеуметтік желілер және мессенджерлер мен басқа да интернет – сервистерді пайдаланушы балаларға арналған ұсыныстар туралы” дәрістер өткізді.

5 желтоқсан Халықаралық еріктілер күніне байланысты түсірілген бейнежазба.

Мақсаты: Әрдайым қамқорлық көрсету, ізгілік жолында жастардың өз ізін қалдыруы болып отыр. Сонымен қатар, оқушылардың бойына адамгершілік, ізгілік, қамқорлық, қайырымдылық сияқты асыл қасиеттерді дарыту.

- Тәуелсіздік күні. 16 желтоқсан – қазақ тарихындағы ең бір елеулі дата. Мерекеге орай өткізілген шаралар инстаграм, фейзбук парақшасына жарияланды

<https://www.instagram.com/p/C1aJ5aotbXv/?igsh=Z3JiNmpxOW1wZWVt>

<https://www.instagram.com/p/C1AFpKKt78C/?igsh=MWpjYnlxMjN3c2hlNg==>

<https://www.instagram.com/p/C03cQEggXmm/?igsh=eWVrYzVxZjhsbnd4>

Жаңа жылдық мерекені мерекелеу төмендегі жоспар бойынша өтті. «Ақмаржан» шағын орталығында «Көңілді шырша» ертеңгілік, «Қош келдің, Жаңа жыл!» МАД тобы, 1-4 сыныптар, «Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыр» 5,6,7 сыныптар, «Жаңа жылдың жарқырасын шамдары» 8,9,10,11 сыныптар арасында өтті.

[https://www.instagram.com/p/C1oD\\_bUCfko/?igsh=NDaZenJzbHlpYXBs](https://www.instagram.com/p/C1oD_bUCfko/?igsh=NDaZenJzbHlpYXBs)

[https://www.instagram.com/p/C1oGdGkix\\_x/?igsh=MTY2dzM4MXkxaGVkeQ==](https://www.instagram.com/p/C1oGdGkix_x/?igsh=MTY2dzM4MXkxaGVkeQ==)

[https://www.instagram.com/p/C1oIZ\\_eCWES/?igsh=MTc2azF0Z2hiaWYzew==](https://www.instagram.com/p/C1oIZ_eCWES/?igsh=MTc2azF0Z2hiaWYzew==)

## ҚАҢТАР–«ҰЛТТЫҚ КОД» айы

*Қысқы демалыс*

«Қысқы демалыс-кітаппен қызықты» оқушылар қысқы демалыста кітап оқып, жатқа өлең оқып өздерінің бос уақыттарын тиімді өткізді.

<https://www.instagram.com/p/C1wm7BnNSr5/?igsh=MXA0YWhneDlhNHFrDg==>

«Мен сурет салуды ұнатамын» оқушылар өздерінің оқыған кітаптарының ішіндегі оқиғаларды бейнелеп суреттер салды.

<https://www.instagram.com/p/C1wndmLty5p/?igsh=MWFkOXdrcGh2c3p1cA==>

«Парасат иесі Ұлы тұлға Д.А.Қонаев» туралы 5-11 сыныптар аралығында сынып сағаттары жүргізілді. Кітапханда кітап көрмесі жасалынды.

<https://www.instagram.com/p/C2AMGyktJ2R/?igsh=MWM3MGFsbDd4MGdzNQ==>

«Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» 8-10 сыныптар аралығында жігіттер әкелерімен бірге жасаған еңбектері туралы жоба қорғады.

«Қалдықтарды табысқа айналдырайық» 2-5 сынып аралығында оқушылар өздерінің жасаған жұмыстарын қорғады.

«Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» 9-10 сынып оқушылары өз қиялдарынан жасаған жұмыстарын қорғап орта буын оқушыларының қызығушылықтарын оятты.

«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» 6-8 сынып оқушылары аралығында ұлттық ойындар жүргізіліп жеңімпаздар марапатталды.

Мектебімізде ата-аналарды қолдау орталығының жұмысын жандандыру мақсатында ата-аналармен «Әр бала – жарық жұлдыз» тақырыбында бастауыш сынып мұғалімі Ғалымқызы Аида ата-аналармен тренинг сабақ өткізді.

**Мақсаты:** ата-ана мен бала арасындағы сенімді сыйластықты, бір-біріне деген сезімді нығайту, бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз отбасындағы ата-ана тәрбиесі, өнегесі және баланың бас ұстазы ата-ана екенін түсіндіру.

[https://www.instagram.com/p/C19xo19C\\_y/?igsh=MXAxZ2Z2YXhjaWlzdQ==](https://www.instagram.com/p/C19xo19C_y/?igsh=MXAxZ2Z2YXhjaWlzdQ==)

17 қаңтар мен 17 ақпан аралығында «ДосболLIKE» жалпы республикалық акция өткізілді. Акцияға жоспар жасалынып жұмыс жүргізілді. Мектеп оқушылары акцияға белсене қатысты.

Акцияның мақсаты: Мектепте жағымды қарым- қатынас орнатуға жағдай жасау. Ұраны: "Нағыз досыңның болғанын қаласаң-дос бол!"

<https://www.instagram.com/altynsarin1990/p/C2sZzCMCKxN/?igsh=MTI4NjJra3k0Mmh4aw==>

<https://www.instagram.com/altynsarin1990/reel/C2iQEOai9DT/?igsh=bTVsejdzNDB1Nzhh>

<https://www.instagram.com/altynsarin1990/p/C2fIOJStjcl/?igsh=ZTB6aDA2d25ldzJu>

## АҚПАН–ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

«Мақал–сөздің мәйегі» бастауыш сынып оқушылары мен әжелер арасында челлендж ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/reel/C3hNhnHtWTo/?igsh=enA5ejIxbDV0ZzVn>

<https://www.instagram.com/reel/C3rYlrGCW2e/?igsh=MWoyN2FodGV4a2hyNA==>

Абайдың «Толық адам» ілімі . 9-11 сынып оқушылары арасында А.Құнанбайұлының еңбектері жобалық жұмыс арқылы қорғалды.

«М.Мақатаев – поэзия хан тәңірі» Бастауыш сынып оқушылары арасында М.Мақатаев оқуларын жатқа оқып, орта буын аралығында жазушының шығармаларын оқып өз шығармашылықтарын, арнауларын айтып, әндерінде шырқады.

<https://www.instagram.com/reel/C3J2cCoCdVF/?igsh=MXc5MGhnN3Y3aWNmZg==>

«Тарихқа тағзым» оқуға құштар мектеп жобасы бойынша тарихи оқиғаларды суреттеу арқылы оқушылар жобалық жұмыс қорғады.

«Сен және Заң» 1-10 сынып аралығында сынып сағаттары жүргізілді.

«Ерте жүктіліктің алдын алу» 8-11 сынып қыздары арасында сауалнама алынып семинар тренинг жүргізілді.

<https://www.instagram.com/reel/C3rXtSTiyFE/?igsh=MWxtYWV5Y3YyeWk0dg==>

«Өзінді мамандықтар әлемінде тап» 9-11 сынып оқушылары мен әр мамандық бойынша шақырылған қонақтар мен дөңгелек стол жүргізілді.

## НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІШТЕУ

*1 наурыз – Алғыс айту күні*

*8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні*

*21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы*

*27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні*

1 наурыз – Алғыс айту күніне орай педагог ұйымдастырушы Есенкелді Қаракөздің ұйымдастыруымен мектептің фойесі талапқа сай безендіріліп, мектеп парламенті және өзін-өзі басқару ұйымы мектеп ұжымына алғыстарын айтып, жақсы тілектерін білдірді.

[https://www.instagram.com/reel/C4XI\\_o\\_CayL/?igsh=MXhweGRwbzJ5enR5dA==](https://www.instagram.com/reel/C4XI_o_CayL/?igsh=MXhweGRwbzJ5enR5dA==)

8-сынып жетекшісі Килимбаева Арайлымның ұйымдастыруымен 1 наурыз – Алғыс айту күніне арнап мектеп ұстаздарына жылы лебіздер жазылған ашық хаттар мен тәттілер сыйлады. Мақсаты: келешек ұрпақты кішіпейілділікке, еңбекті бағалауға, мейірімділікке тәрбиелеу.

<https://www.instagram.com/reel/C3-oI-NiG0-/?igsh=ZjM3d3JrbnozY2Vl>

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесіне мектепте түрлі шаралар өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/C37dcz5C2sj/?igsh=MXRsdWR0Y2UwcXh1Yg==>

21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы «Ұлттық киім-ұрпаққа мұра» Наурыз мерекесінің ашылуы, ұлттық киімдер шеруі, тақырыптық шаралар, «Амал келді жыл келді» бірыңғай тәрбие сағаттары, «Тарихы терең өз наурыз» наурыз мерекесінің тарихымен таныстыру танымдық сағаттары, кітаптар көрмесі, «Наурызнама» атты мерекелік шара өз мәнінде өтті.

Мақсаты: ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан қазақтың салт дәстүрін насихаттау, халқымыздың рухани және материалдық мәдениетін ұрпақ бойына сіңіре отырып, ұлтының тамырына жалған ұрпақ тәрбиелеу.

[https://www.instagram.com/reel/C4vFkRnIrm\\_/?igsh=aWdkM2t5N3JpbHBi](https://www.instagram.com/reel/C4vFkRnIrm_/?igsh=aWdkM2t5N3JpbHBi)

[https://www.instagram.com/reel/C4u\\_h0JopYV/?igsh=MTk5aDI1ZmMwOGZidg==](https://www.instagram.com/reel/C4u_h0JopYV/?igsh=MTk5aDI1ZmMwOGZidg==)

<https://www.instagram.com/reel/C4u8T5Soo3N/?igsh=MXRoZG5jcHZvMHNmeg==>

<https://www.instagram.com/reel/C4vHSb4o598/?igsh=cnAydmE4cGlxcWZi>

Қара жорға биінен Республикалық челлендж өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/C4u5BDfISVN/?igsh=MWRzc3ltY2YxMGxpaQ==>

27 наурыз – Дүниежүзілік театр күніне оқуға құштар мектеп жобасы бойынша «Ертегілер еліне



саяхат» тақырыбында іс-шара өткізілді. Ертегі желісі бойынша балалар рөлдерге бөлініп сахналық қойылым көрсетті.

<https://www.instagram.com/p/C21cMVfirom/?igsh=YzFpb3djbmFhemxl>

Мақсаты: оқи отырып рөлдерді сомдай білу, кейіпкердің жан дүниесін түсінуге баулу.

## **СӘУІР– ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы**

12 сәуір - Ғарышкерлер күніне кітапханашы Сұлтанова Самалдың ұйымдастыруымен көрме және ғарышкерлер өмірінен үзінді арнаулар шарасы өткізілді.

Мақсаты: Ғарышкерлер күнімен, шығу тарихымен таныстыру, ғарышкер болудың адам өміріне қауіпті болса да ерлік мамандық екенін кейінгі ұрпаққа түсіндіру.

<https://www.instagram.com/reel/C5qDiFPgiI3/?igsh=MXJwdmdvMHI4ZXh6bw==>

5-сыныптың сынып жетекшісі Ғарышкерлер күніне байланысты оқушылармен сыныптан тыс іс-шара өткізді.

Мақсаты: қазақ халқынан шыққан ғарышкерлер және олардың өмір баяны мен елеулі еңбек жолымен таныстыру.

<https://www.instagram.com/p/C5qMT2NCi5u/?igsh=MTR3c2Z0cXE5a3NvOA==>

Сәуір-экологиялық мәдениет айында «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы Республика көлемінде өтті. Мектебіміз акцияға белсене қатысып, аул, аула тазалағын қарқынды жүргізді. Мектеп ауласындағы ағаштар әктеліп, қоқыстар шығарылып, мектеп айналасы тазартылды. Жаңа көшеттер отырғызылды.

Мақсаты: азаматтарды өз қаласы мен ауылын, ауласын таза ұстап, көшет отырғызуға үндеу.

<https://www.instagram.com/p/C5nsGiXijPH/?igsh=anEzaHRxaDJlcHhn>

[https://www.instagram.com/p/C6I\\_mYViS5\\_/?igsh=MTdxcnEzZGZnNm54](https://www.instagram.com/p/C6I_mYViS5_/?igsh=MTdxcnEzZGZnNm54)

<https://www.instagram.com/p/C5sK8UNihzJ/?igsh=MTd0em10c3h3NmVjcQ==>

Сонымен қатар ерікті «Жас орманшылар» үйірмесі бөлме өсімдіктерін егіп, көбейту жұмыстарын жасады. Үйірме жетекшісі Абитбекова Жазира Санақбекқызы.

<https://www.instagram.com/p/C6X9kztiD9W/?igsh=bnlTY21ndW5rYnpz>

## **МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ**

*1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні*

*7 мамыр-Отан қорғаушылар күні*

*9 мамыр-Жеңіс күні*

*31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні*

Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесінде әр сыныпта сынып сағаттары АКТ залында өтті. Қазақстанда тұратын этностарды жеребе арқылы бөліп алып, сол халықтың Қазақстанға келіп қоныстану тарихын, өнерін, салт дәстүрлері, ұлттық киімдерімен танысты.

Мақсаты: Қазақстан Республикасының көп ұлтты мемлекет болуының себебін білу, өзге этностармен тату өмір сүруіміздің қыр-сырын түсіну.

<https://www.instagram.com/reel/C6fn7vNoLLU/?igsh=ZXlwMjRrZHh6MzNv>

7 мамыр-Отан қорғаушылар күні 9 мамыр-Жеңіс күні мерекесінде «Менің отаным—менің Қазақстаным!» патриоттық әндер, сынып сағаттары өткізілді. Ұлы Отан соғысы батырлары туралы деректі фильмдер көрсетіліп, ерлік істерімен оқушыларды таныстырды.

Мақсаты: Ұлы Отан соғысымен, батырлардың ерлік істерімен таныстырып, оларға деген құрметтерін арттыру.

<https://www.instagram.com/p/C60XRTjC6Bu/?igsh=cWN3M3J2MHIwdHJq>

<https://www.instagram.com/p/C6qBAoQge4O/?igsh=MXc1aWNUOHowYnNtOQ==>

<https://www.instagram.com/p/C6qA2dLAmqD/?igsh=NG44ZXA2bms5YWFq>

<https://www.instagram.com/p/C6qAjT9ibRc/?igsh=MXdsdTMzeDFxNWRrNA==>

17 мамыр «Каникулда кітап оқиық» буккроссингі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Мектеп оқушылары мен мұғалімдердің кітапқа деген қызығушылығын арттыру. "Кітап дегеніміз – қоғам. Жақсы кітап, жақсы қоғам тәрізді сезім мен санаңды нұрландырады, көркейтеді. Иә, адамның қандай екенін оқыған кітаптары арқылы да айтып беруге болады, өйткені, сенің оқыған кітабың - сенің өмірлік ойың. «Буккроссинг» қазақшаға аударғанда «Кітап сыйлау» немесе кітаптың айналыста жүруі» деген мағынаны білдіреді. Мектепте оқушылар мен мұғалімдердің арасында кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Буккроссинг» көрмесі жасалып. 5-6-7 сынып оқушылары өз оқыған кітаптарымен бөлісіп, каникулда оқушыларды кітап оқуға шақырды. Оқушылар өздерінің қалаған кітаптарын алып келіп, орнына әкелген кітаптарын бір-бірімен алмасты.

1 – 11 сыныптар арасында 24 мамыр «Білімім – Отаныма» жалпы республикалық сынып сағаттары өткізіледі. Сынып сағаттарында оқушылардың жыл бойы алған білім жетістіктері мен іс – шараларға қатысқан белсенділіктеріне тоқталады. Сынып сағаттары ҚР ГИМНімен басталып еліміздің маңызды көрікті жерлері туралы ақпараттармен, тарихи – мәдени ескерткіштер мен Қазақтың батырлары туралы айтылу ұсынылды.

24 мамырда «Мен.Мектеп.Ұстаз» тақырыбында 9,11 сынып түлектері эссе жазды. Эсседе өзінің оқып шыққан мектебіне ыстық ықыласын, аяулы ұстаздарына алғысын білдірді. Мектеп түлектерінің ағаш отырғызу челленджі болып түлектер көшеттер отырғызды.

<https://www.instagram.com/p/C7x9ZQVigBu/?igsh=MXNIMjgwd2lib2kweA==>

<https://www.instagram.com/p/C7WEDJGi8jS/?igsh=aGhbb2JiejA5Zzc5>

<https://www.instagram.com/reel/C6nk7pyA8XG/?igsh=MW16eW0za3B0ajYzMQ==>

Сонымен қатар, пән мұғалімдері аудандық, облыстық, Республикалық байқауларға, интернет олимпиадаларға, ҰИО-ға қатысып, оқушылары дәрежелі дипломдармен, пән мұғалімдері арнайы сертификаттармен марапатталды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Г.К.Койшыгулова